

**"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын орналастыру үшін материалдық емес активтерді қоспағанда, рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 66 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 731 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын орналастыру үшін материалдық емес активтерді қоспағанда, рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 66 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 8, 28-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын орналастыру үшін материалдық емес активтерді қоспағанда, рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесінде:

1 - тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Шетелдік, оның ішінде шетелдік қаржы нарықтарында айналыстағы құралдар:»;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) шетел валютасындағы және алтындағы депозиттер (салымдар);»;

мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

«13) құймадағы және металл шоттардағы алтын.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

К. Мәсімов